

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 31 тамыз 2023 жыл

Түрі: дәстүрлі

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылының барысы»

Мақсаты: Балабақшада тәрбие жұмысының жоспарларын талқылау, бекіту.

Төрайымы: А.О.Өмірзақ

Хатшысы: Саурова А

Барлық педагогтар саны: - 18

Қатысқан педагогтар саны: - 18

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту, хатшысын сайлау.

Директоры : А.О.Өмірзақ

Жазғы сауықтыру жұмысының қортындысы.

2. 2023-2024 оқу жылында бекітілген топтармен оларға жауапты тәрбиешілерді бекіту.

Директор : А.О.Өмірзақ

1. Балабақша педагогикалық ұжымын 2023-2024 оқу жылының нұсқау хатымен таныстыру, ондағы өзгерістерді талқылау. Әдіскер: Манибаева Н

2. 2023-2024 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен танысу, бекіту.

3. Балабақшаның жылдық жоспарын, педагогтердің жылдық жоспарларын, оқу жоспарын, балалардың күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін талқылау, бекіту. Директор : А.О.Өмірзақ

4. Аттестаттау комиссиясының құрамын сайлау, бекіту. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспарын бекіту. Директор : А.О.Өмірзақ

5. Педагогтердің өз білімін көтеру бағытында 2023-2024 оқу жылына арналған жоба тақырыптарын бекіту.

6. Балабақшаның іс номенклатурасына өзгеріс енгізу және бекіту

7. Педагогтердің біліктілікті арттыру

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша директоры А.О.Өмірзақ педагогтерді жазғы сауықтыру шараларының жоспар бойынша жүзеге асырылғанын айтып, жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Жаңа оқу жылындағы педагогтардың құрамымен ақпараттандырды. Сонымен қатар, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелермен таныстырып, педагогикалық кеңестің өз құрамынан бір жылдық мерзімде хатшы сайлау керектігін айтты.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер: Н.М.Манибаева

тәрбиеші А. Саурованы хатшы етіп сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші Саурова Айгүлді сайлауды ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. педагогикалық кеңестің хатшысы болып сайлансын.

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын екінші мәселе бойынша меңгерушісі 2023-2024 оқу жылындағы топтарғы жауапты тәрбиешілерін тағайындады.Олар:

Топтар	Жасы	Балалар саны	Тәрбиешілері
«Балапан» кіші топ	2 жастағы балалар	16	Копжасарова С Ақбердиева А Сактаганова Э
«Көгершін» орта топ	3 жастағы балалар	18	Каратаева А Саурова А Джулдасбекова Л
«Қарлығаш» ересек топ	4 жастағы балалар	22	Кульбаева Р Бексейтова С Есеркегенова Ж
«Сұңқар» МАД тобы	5 жастағы балалаар	24	Тазабекова А Калиева С Байзакова Г

ШЕШІМІ:

1.2023-2024 оқу жылында бекітілген топтар мен оларға жауапты тәрбиешілер бекітілсін.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері педагогтерді 2023-2024 оқу жылына арналған нұсқау хаттың мазмұнымен таныстырды. Әдістемелік нұсқау хатта 2023-2024 оқу жылындағы белгіленген негізгі міндеттердің бағытын атады.Соның негізінде балабақша 2023-2024 оқу жылына белгілеген міндеттері төменгідей екенін атады:

- Мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- Тәрбиеленушілердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру;
- «Білімді ұлт» жобасы аясында шаралар ұйымдастыру арқылы балаларды Отанды, ана тілін сүйе, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.

Сонымен қатар, әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған 2023-2024 оқу жылындағы басшылыққа алатын 18 нормативтік құқықтық құжаттарды атады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру білім беру ұйымдарының топтарында **заттық-дамытушы ортаны** талапқа сай ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылатынын ескертті. Заттық-дамытушы ортаның балалардың заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, олардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта болуы керектігі айтылды.

Ағымдағы оқу жылының циклограммасына ұлттық, маусымдық киімдегі қуыршақтарды, «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығын, ойыншық жиһаз, ойыншық ыдыстар жиынтығы, машиналар, көліктер жиынтығы (жеңіл, жүк, әуе, су, арнайы), құммен ойнауға арналған жиынтық, ойыншықтар, туған өлке туралы иллюстрациялық альбомдар, көкөністер мен жемістердің муляждары тақырыбында сюжетті-рөлдік ойындар жоспарлауы ұсынылады.

ШЕШІМІ:

1.Балабақша педагогтеріне 202-2024 оқу жылына арналаған әдістемелік нұсқау хаттың мазмұны таныстырылсын.

5.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Нұрлы 2023-2024 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жоспарымен таныстырды. Онда негізгі 5 бөлімнің қаралатыны айтылды: 1) Салауатты өмір салтын ұйымдастыру; 2) Кадрлармен жұмыс, 3) Білім беру процесін ұйымдастыру, 4) Әлеуметпен жұмыс, 5) Басқару мен басшылық. Әр бөлімнің өзіне тиесілі тармақтары бар екені және сол бойынша жұмыс атқарылатыны айтылды.

Циклограмманы тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп жасайтынын айтты. Циклограммада ұйымдастырылған іс әрекеттер мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланатынын, циклограммада педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді кіріктіре отырып, шешу үшін, ұйымдастыратын түрлі балалар әрекетін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) айқындайтыны айтылды.

Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекеттер бөлімін құрастыруда алдымен тақырыбы егер болған жағдайда, ал тақырып болмаған кезде ойын немесе әрекет түрлері жазылып, Перспективалық жоспарда айқындалған әрбір ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша міндеттерге жету үшін бір күнге бірнеше міндеттер айқындалатыны айтылды. Осыған сәйкес балабақшада құрылған ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі мен күн тәртібін ұсынды.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына арналаған оқу мен тәрбие жоспары талқыланып, бекітілсін.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективтік жоспары талданып, бекітілсін.
3. Балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметтер кестесі бекітілсін.

6.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын алтыншы мәселе бойынша, балабақша директоры А.О.Өмірзақ балабақшаның 2023-2024 оқу жылына арналған даму стратегиялық жоспарының құрылымымен таныстырды. Жоспардың мерзімімен, т ақырыбымен, мақсатымен және күтілетін нәтижесімен танытырды. Жоспардың барысы тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту бағытында болатыны айтылды.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның 2023-2024 оқу жылына арналаған даму стратегиялық жоспары бекітілсін.

7.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын жетінші мәселе бойынша, балабақшаның жылдық жоспарын, педагогтердің жылдық жоспарларын, балалардың күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін талқыланып бекітілді.

ШЕШІМІ:

1. Балабақша педагогтерінің жылдық жоспарлары, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі бекітілсін.

8.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын сегізінші мәселе бойынша балабақша директоры А.О.Өмірзақ 2023-2024 оқу жылына аттестаттау комиссиясына құрамын сайлап, бекіту керектігін айтты. Сайланған комиссия құрамы жаңа форматта аттестатталушы педагог қызметкерлер мен оларға кеңестірілген тұлғалардың жұмыс барысын бақылап, портфолио жүйесінің дұрыс жасалуын қадағалайтынын айтты. Аттестаттау комиссиясының құрамына аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, аттестаттау комиссиясының хатшысы және мүшелері енгізіледі. Аттестаттау комиссиясына неғұрлым тәжірибелі педагог қызметкерлері кіреді. Аттестаттау комиссиясының мүшелері тақ саннан тұрады. Сол себепті біз биылғы оқу жылына бестен кем тұрмайтын аттестаттау комиссиясын сайлауымыз керек. Енді осы сұрақ бойынша пікірлеріңізді ортаға салуларын сұрады.

1.СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер Н.М. Манибаева

Аттестаттау комиссиясының төрайымы тәрбиеші Н.М.Манибаева А.О.Өмірзақ орынбасары болып Мүшелері: тәрбиешілер Э. Сақтаганова А.Каратаева ал хатшысы ретінде Г. Каратаева ұсынамын деп сөзін аяқтады.

Педагогтар әдіскердің ұсынысын қолдай отырып, аталған тәрбиешілерге қарсылық білдірмейтіндігін айтты. Қатысушылар бір ауыздан ұсынысты қолдап, қарсылық білдірмейтіндіктерін айтты.

ШЕШІМІ:

2. Аттестаттау комиссиясының хатшысы болып Г. Каратаева сайлансын.

Аттестаттау комиссиясының төрайымы болып А.О.Өмірзақ төрайымының орынбасары мүшелері болып Э. Сақтаганова, А. Каратаева сайлансын.

3. Коммисия құрамы аттестаттау комиссиясының жоспарына сәйкес жұмыстарды атқарсын.

9.ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде қаралатын тоғызыншы мәселе бойынша балабақша директоры А.О.Өмірзақ 2023-2024 оқу жылында балабақшаның іс номенклатурасына өзгеріс енгізіліп қайта бекітілетінін айтты. Онда әдістемелік бөлімде негізгі 5 бөлімнің қаралатыны айтылды: 1) Салауатты өмір салтын ұйымдастыру; 2) Кадрлармен жұмыс; 3) Білім беру процесін ұйымдастыру; 4) Әлеуметпен жұмыс; 5) Басқару мен басшылық. Сонымен қатар, тәрбиешілердің құжаттарында 5 білім беру дағдылары бойынша папкаларының қоса жинақталатыны айтылды.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшаның іс номенклатурасына өзгеріс енгізіліп, бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы: А.О.Өмірзақ



Хатшы: А. Саурова



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: 20 желтоқсан 2023 жыл

Түрі: Тақырыптық кеңес

Тақырыбы: Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Мақсаты: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру

Төрайымы: А.О.Өмірзақ

Хатшысы: А. Саурова

Барлық педагогтар саны: 18

Қатысқан педагогтар саны: 18

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» тәжірибе алмасу.
3. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологиялары н қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» баяндама
4. Күз мерекесінің қорытындысы
5. Педагогтарға арналған « Достық» іскерлік ойыны
6. Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту

КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Балалардың даму құзыреттілігін анықтайтын мониторинг жұмысының бастапқысы қыркүйек айында алынғанын, оның нәтижесі №4 педагогикалық кеңесте аралық мониторингпен салыстырмалы түрде көрсетілетінін айтты. Әдістемелік көмекті қажеттетін жас мамандарға бекітілген тәлімгерлер өз жұмысын жасап жатқанын және тәрбиешілер өздеріне бекітілген топта жұмыс жасап жатқанын айтты.

ШЕШІМІ:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

2. ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері «біздің балаларымыздың денсаулығы неге байланысты?» деген сауалды ортаға салды. (таңертеңгілік жаттығулар, серуендеу, желдету, күн тәртібін сақтау, дене шынықтыру, қимылды ойындар, дене жаттығулары, музыка сабақтары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар, белсенді демалыс). Одан әрі «Денсаулық дегеніміз не?», «Денсаулық сақтау технологиялары дегеніміз не?» деген сауалдарды ортаға салып талқылады. "Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?" тақырыбында педагогтар өз тәжірибесімен бөлісетін болады. Біздің балабақшада күн сайын, барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және балалардың дене бітімін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дене жаттығуларының бірнеше түрлері ұсынылады.

ШЕШІМІ:

1. Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар жасалсын.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Дене шынықтыру нұсқаушысы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқыды. Ол білім беру процесінде қолданылатын балалардың денсаулығына пайдасын тигізетін барлық технологиялар денсаулық сақтау білім беру технологиялары болып табылады. Бізде мектепке дейінгі ұйымның ерекшелігін ескере отырып, баланың эмоциялық күйіне, оның толыққанды дамуына және әрбір баланың мектепке дейінгі ұйымда денсаулық деңгейін арттыруға ықпал ететін денсаулық сақтау білім беру процесін ұйымдастыруға жағдай жасалғанын айтты. Балабақша жағдайында құрылған денсаулық сақтау ортасы баланың әлеуметте бейімделуін, балалардың қимыл белсенділігін қажетсінуін іске асыруды және қимыл дағдыларын тиімді игеруді қамтамасыз етуге ықпал ететінін айтты.

ШЕШІМІ:

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында денсаулық сақтау технологияларын қолдану және мектеп жасына дейінгі балалардың салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдысы өз жалғасын тапсын.

4.ТЫҢДАЛДЫ Төртінші мәселе бойынша әдіскер Н.М.Манибаева сөз алып берекелі әрі мерекелі күз айларында аталып өтетін іс шаралардың бірі «Алтын күз» мерекесі. Ауданда арасында белсенді және дарынды балаларды анықтау мақсатында «Күз – мереке, күз – береке» шығармашылық байқауына Тойчиева Сафина балабақша тәрбиешісі Байзақова Гүлмира қатысып бірінші орын иегері атанып марапатқа ұсынылды. Балабақшамызда «Балапан», «Қарлығаш», «Көгершін», «Сұңқар» топтарында «Алтын күз» тақырыбы бойынша дефиле,көрме, ертеңгіліктер өткізілді. «Алтын күз» мерекесі өз деңгейінде өткізілді.

ШЕШІМІ:

1. Осындай ойын сауық ертеңгіліктер ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілердің талай жақсы өнерлерін көреміз деген ойдамыз. Дарынды балаларды анықтау мақсатында жүргізілген жұмыстар жалғасын тапсын.

5.ТЫҢДАЛДЫ Бесінші мәселе бойынша әдіскер Н. Манибаева педагогтармен «Достық» іскерлік ойыны атты іс шара өткізді. Ойынның мақсаты қазіргі заман тәрбиешісінің әлеуметтік-психологиялық мәдениетін жетілдіру, бір-біріне деген достық сезімін арттыру,психологиялық рефлексиясын дамыту. Шығармашылыққа, өзін-өзі тануға, іздемпаздыққа қызығушылығын арттыру мақсатында жүргізді. Тәрбиешілер бірлесе ұжыммен шығармашылық тапсырмаларды орындап, сұрақ жауаптарға, дидактикалық және қимылды ойындарды орындады. «Достық» атты іскерлік ойынымызда тәрбиешілер ойлап, ойнап бір-бірімен достық қатынаста бола білді.

ШЕШІМІ:

Алдағы уақытта достық қарым-қатынаста бірлесе жұмыстар жалғасын тапсын

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:

А.О.Өмірзақ
А. Саурова



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты: 20 желтоқсан 2024 жыл

Түрі: Тақырыптық кеңес

Тақырыбы: Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін, қарым-қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Мақсаты: педагогикалық жұмыстарының жетістіктерімен кемшіліктерін түзету жолдарын белгілеу.

Төрайымы: А.О.Өмірзақ

Хатшысы: А. Саурова

Барлық педагогтар саны: 18

Қатысқан педагогтар саны: 18

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. 2023-2024 оқу жылындағы балалардың қаңтар айындағы білім деңгейлерінің сараптамасы.
3. Дидактикалық ойындар- мектеп жасындағы балаларды интеллектуалды дамыту құралдары. (баяндама)

Бірінші мәселе бойынша, балабақша директоры №2 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде айтты. Балабақша 2023-2024 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жоспарына сәйкес жұмыс жасап жатқанын айтты. Әдіскер Н.М.Манибаева балалармен өткізілген интеллектуалдық дамыту кешені дидактикалық ойындар негізінде құрылғанын айтты. Әр дидактикалық ойынның танымдылық және тәрбиелік мазмұны болады. Олар оқыту мақсатында іске асыруға арналаған арнаулы ойындар. Әр қайсының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар. Интеллектуалдық дамыту ойындарының ерекшелігі - оның әрекеттік сипатында. Мұнда балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Олар ойында өздеріне мәлім өмір құбылыстары мен оқиғалары туралы білімдерін бейнелейді, оларға өзінің қатынасын білдіреді.

Екінші Мәселе бойынша әдіскер Н.М.Манибаева әр топтың Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингінің нәтижелері туралы айтып өтті. Жеке оқу жоспары мен арнайы оқу бағдарламасын іске асыруға, сондай ақ баланың жеке даму картасын толтыруға ерекше аударуларын сұранды.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер педагогтерге «Дидактикалық ойындар- мектеп жасындағы балаларды интеллектуалды дамыту құралдар» атты баяндама оқып шықты. Ойын арқылы мектепке дейінгі жас өспірімдердің зияткерлік қабілетін, көрнекі ойлауын балалардың ой-өрісін дамытып, тез шешім қабылдауға, шапшаңдыққа баулитынын және өзіне деген сенімі артып ашық та зерек болып өсуіне ықпал ететінін, ой қиялын шарықтата отырып, өз нұсқасын жасауға дағдыланатынын айтып өтті.

Шешімі :

1. Әдіскер Н.М.Манибаеваның №2 педкеңестің шешімдерінің орындалу барысы туралы есебі қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Дидактикалық ойындар- мектеп жасындағы балаларды интеллектуалды дамыту құралдар баяндамасы бойынша әр топтың педагогтеріне интеллектум ойындарын жас ерекшеліктеріне қарай қолдану тәрбиешілерге жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:
Хатшы:



А.О.Өмірзақ
А. Саурова



Педагогикақ кеңестің кезекті отырысы.

Хаттама № 4

Өткізілген уақыты: 3.05 2024 ж

Тақырыбы: Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»

Мақсаты : Оқу жылын қорытындылау, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс бағыттарын әзірлеу. Жазғы кезеңге жұмысты ұйымдастыруды талқылау.

Төрайымы: А.О.Өмірзақ

Хатшысы: А.Саурова

Барлық педагогтар саны: 17

Қатысқан педагогтар саны: 15

Күн тәртібі

1. № 3 педагогикалық кеңес шешімін орындау туралы.
 2. №4 педагогикалық кеңеске жан-жақты бақылау нәтижелері «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балалар сәтті меңгеруі үшін балабақшада қолайлы жағдай жасау».
 3. Балабақшаны дамыту бағдарламасы бойынша жұмыс туралы есеп.
 4. Жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру.
 5. 2024 ж. жазғы сауықтыру жұмыс жоспарымен танысу, ұйымдастырылған іс-әрекетті жазғы кезеңге бөлу. Жазғы кезеңге жоспарды бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті, күн тәртібін, өтпелі тақырыптарды бөлу.
- Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны талқылау, толықтыру.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша бөбекжай директоры А.О.Өмірзақ өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталды. Көркем шығармалар қойылымдары мен интеллектуалдық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілін қарым-қатынас мәдениетін дамыту және логикалық ойлай қабілеттерін арттыру жұмыстары өз деңгейінде өткендігін айтты.

Екінші мәселе бойынша Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша бөбекжай директоры А.О.Өмірзақ нәтижелері «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын балалар сәтті меңгеруі үшін балабақшада қолайлы жағдай жасау».

тақырыбындағы педагогикалық кеңеске жан-жақты бақылаудың нәтижелерін ұсынды. Педагогикалық кеңестің шешіміне мыналарды шығаруды ұсынды: жазғы кезеңде барлық топ тәрбиешілері мен мамандарына микрокабинеттердің мазмұнын қайта қарау, ойын картотекаларын жаңарту, балалардың жасына сәйкес қолда бар ойын материалын толықтыру, топтардың пәндік-дамытушылық ортасын толықтыру.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.

Үшінші мәселе бойынша

Директор А.О.Өмірзақ өзін-өзі бағалаудың нәтижелерін ұсынды ИББК мамандары инклюзивті білім беру кабинетінің жұмысы туралы есеп берді; педагог-логопед Г.Каратева «Балабақша қызметіне қанағаттану» тақырыбы бойынша ата-аналардың сауалнамасына талдау жасады; директор А.О.Өмірзақ педагогикалық кеңестің шешіміне: өзін-өзі бағалау бойынша педагогикалық ұжымның 2023-2024 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде 2023-2024 оқу жылындағы қызметтің нәтижелері ескерілсін.

)

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.

Төртінші мәселе бойынша келесі мәселе бойынша бөбекжай директоры А.О.Өмірзақ жазғы сауықтыру-шынықтыру жоспарын талқылады. Мақсаты: Балабақшадағы балаларды салауатты өмір салтына үйрету, баланың денсаулығын сақтау танымдық, шығармашылық әлеуметтік күздіреттілігін арттыру.

-Тапсырма :

-Баланың денсаулығын нығайту.

-Баланы салауатты өмір салтына үйрету;

-Баланың қызығушылығын арттыру;

-Қоршаған орта мәдениетімен таныстыру;

-Жазғы демалысты ұйымдастыру шараларымен тәрбиешілерді таныстыру.

-Ата-аналармен бірге баланың жазғы демалуына жағдай жасап, жұмысты жүргізу.

Балаларды тәрбиеленуші балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарының сәтті өтуі көбінесе оқу-тәрбие процесінің барлық қатысушыларының оған қаншалықты сауатты және уақытылы дайындаландығымен анықталатындығын айтты.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан мақұлдады.

Бесінші мәселе бойынша мейірбике А.Токкулова қатысушыларды жазғы кезеңде балаларды сауықтыру жұмыстарымен таныстырды.

Жазда балаларды сауықтыру үшін күнделікті өмірде ауа, күн, су арқылы шынықтыру сияқты сауықтыру факторларын дұрыс қолданудың маңызы зор. Мұғалімдер жазғы кезеңде балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, өсіп келе жатқан ағзаның демалу, шығармашылық белсенділік пен қозғалыс қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға ықпал етуі керек.

Директор А.О.Өмірзақ жазғы кезеңде балалармен жұмыста келесі мақсаттар мен міндеттерді шешуге ықпал етуді педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:

Мақсаты: Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді жағдай жасау.

Міндеттер:

- Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау. Жарақаттануды болдырмау және алдын алу үшін барынша жағдай жасалуын қамтамасыз ету.
- Балаларды сауықтыру мен физикалық дамытуға, мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеуге, олардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға, табиғатқа сүйіспеншіліктерін тәрбиелеуге, мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

Алтыншы мәселе бойынша директор 2023 жылға арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекеттің бөлінуі, жазғы кезеңге арналған күн тәртібімен таныстырды. Қатысушылар жоспарды мақұлдады, жазғы кезеңде ұйымдастырылған іс-әрекетті келесі бөлімдер мен білім беру салалары бойынша өткізу туралы шешім қабылданды:

- Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
- Педагогтердің жазғы кезеңге арналған құжаттамаларының тізбесі бекітілсін:
- 1. Балалар және ата-аналармен жұмыс істеудің перспективалық жоспары, циклограммалар.
- 2. Жазғы кезеңге арналған ойын-сауық жоспары қосымшаларымен бірге.

Директор А.О.Өмірзақ педагогикалық кеңес шешімінің жобасын жариялады. Оны талқылап, толықтырғаннан кейін шешім қабылданды:

1. №4 Жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру» педагогикалық кеңестің шешімін бақылауда қалдыру.

(1.06.2023-31.08.2023 мерзіміне дейін, жауапты/ әдіскер Н.М.Манибаева)

2. Жазғы кезеңде барлық топ тәрбиешілері ойын картотекаларын жаңарту, балалардың жасына сәйкес қолда бар ойын материалын толықтыру, топтардың пәндік-дамытушылық ортасын толықтыру.

(1.06.2023-31.08.2023 мерзіміне дейін, жауаптылар/ бөбек жасы балабақшасының педагогтері)

3. Өзін-өзі бағалау бойынша педагогикалық ұжымның 2023-2024 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде 2023-2024 оқу жылындағы қызметтің нәтижелері ескерілсін.

(1.06.2023-31.08.2023 мерзіміне дейін, жауаптылар Әдісер және педагогтер)

6. Жазғы кезеңде балалармен жұмыс келесі мақсаттар мен міндеттерді шешуге бағытталсын:

Мақсаты: Сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін ең тиімді жағдайлар жасау.

Міндеттер:

- Балалардың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін жағдай жасау. Жарақаттануды болдырмау және алдын алу үшін барынша жағдай жасалуын қамтамасыз ету.
- Балаларды сауықтыру мен физикалық дамытуға, мектеп жасына дейінгі балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеуге, олардың қызығушылығы мен танымдық белсенділігін дамытуға, табиғатқа сүйіспеншіліктерін тәрбиелеуге, мәдени-гигиеналық және еңбек дағдыларын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру.

7. 2023 жылға арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.

- Жазғы кезеңге арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

- Педагогтердің жазғы кезеңге арналған құжаттамаларының тізбесі бекітілсін:

- Балалар және ата-аналармен жұмыс істеудің перспективалық жоспары, циклограммалар.

- Жазғы кезеңге арналған ойын-сауық жоспары қосымшаларымен бірге.

Төраға:
Хатшы:

А.О.Өмірзақ
А.Саурова

